Ермек Дайырбаев 1982 жылы Сарыарқа ауылында өмірге келді. Ермектің әкесі Тұрсын екеуміз интернаттың қара нанын бөліп жеп бірге өсіп едік. Бір-екі жас үлкендей бар. Тұрсын Алматы қаласындағы ауыл шаруашылық институтының агрономия факультетін тамамдап Сарыарқа ауылында бас агроном болып қызмет атқарды, кейіннен аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бас маманы болды. Ұлының өлең жазып жүргеніне қолдау көрсеткен әкесі бір күні: "Саған тірі ақынды көрсетем!" - деген екен. Өлең жаза бастаған оқушы бала күні бойы тосады. "Тірі ақыны" мен, бір топ жолдастарыммен жаңа шыққан кітабымды тауға барып, тоқты сойып, сірне пісіріп "жуған" едік. Ащы су мен түтін иісін бұрқыратып, түн ортасында келген "шақырусыз қонақтардың" бірі болып ақын баламен таныстым. Жақсы болсын жаман болсын ақын болам деген баланың "тірі өнер иесін" көзбен көргені абзал. Сол жылдары оқытушы ұстаздардың айтуынша ақын-жазушылар деген керемет адамдар деген ұғым қалыптасқан, сол ұғымды жоғары бағалаймын деп жүріп өзім де өлең жазуға 27 жасымда ғана кірістім.

Алғдында сарғая бастаған аудандық газеттің қиындысы жатыр. Оқушының торкөз дәптеріне жазылған каллиграфия дегеннен жұрдай біресе тышқан ізіндей жорғалап, біресе қабан тісіндей сойдақтаған жазуды көргенде Ер-ағанның (Ерғазы Рахимов) "ат өткендей" деп аталып кеткен қолтаңбасы ойыма түсіп, мырс еттім. Көз сүріндіре отырып "жылы қар" деген сөзді ерең таптым. Таптым да: "Жылы қар абстракциялық ұғым, бірақ мен осы сөзден сенің алақаныңның жылуын сезіндім", - деп көңілің марқайттым". Осылай ақын бауырыма өлең өлкесіне сөт

сапар тілеп: "Жылы қардан" басталған жыр жолдары ыстық сезімдерге ұласып, ақын іні таптым", - деген жолдармен ойымды аяқтапмын. Бұл 1997 жылдың күз айларының бір күні еді. Осыдан соң, Ермегіміз өлеңнің жолына түсіп әйгілі ақын болды.

Оқушы кезінде-ақ өлеңдері аудандық баспасөзде жарық көріп, елге таныла бастады. Ақын Ерғазы Рахимовтың бәйгесін жеңіп алды. Өскемен қаласындағы университеттің филология факультетіне оқуға түсті. "Шығыстың" әдеби ортасы жас ақынды құшақ жая қарсы алды. Сол өңірдегі өнер тарландарының алдын көріп батасын алды. Сол жылдары ақын Серік Ғабдуллин ұйымдастырған "Шабыт" атты ақындар мектебінің белді мүшесі болды. Сөз арасында ақын ағасы: "Ермек Дайырбаевтың дәуірі туды", - деген еді жас ақындарға үлгі етіп. Ермек поэзияға өзіндік үнімен келді.

Қоғам дамуындағы өтпелі кезеңдер абстракциялық туындылар тудырады, ақын осы құбылысты жүрегімен қабылдай білді де замана шындығын өрнектеді.

"Қалғанын қамсызбыз, Қанағат етері бар ғана. Қадірсіз қоғамның құлымыз, Бұл өмір тым арзан жарнама" / Алматы, 2020, "Азия Арна" баспасы, "Көкжиегіміздің көктемі" (өлеңдер), 5 бет/.

Жаңаша жазатын замана ақын оқи отырайық:

"...Безіндім,
Тұрлаусыз бес күндік тірлікті сезіндім.

Ізедім,
Аңсаған ақ құсым Сіз дедім.

Түсінші
Қапылат қалымды ұғынып,
Қолыңды ұсыншы.

Үкі көз үмітім жарыққа ұмсынар,
Пендеуі тірліктен періштем тұншығар.

Албасты арбаған арман-ай,
Ит өлген ішімде ібіліс қыңсылар.

Жаныңды жаншыған жалғанға кім шыдар,

Беу ғұмыр бір күні тыншығар".

Ақынның әлемі осылай: Ібіліс, Сайтан, Періште, Жын - "Албасты", бес күндік жалған", фәни мен бақи, екі дүниенің таласы. "Үкі көз үмітім жарыққа ұмсынар" дейді бұл абстракциялық ұғым, шынында Үкі - "түн құсы", қараңғыда радиолокациялық тәсілмен дыбыс толқындары арқылы бағыт бағдар алып, ырыздығына кезіккен жәндіктерін жеп күн көреді. Күн көзі шыққанда олар үңгірлеріне қонақтайды, яғни жарықтан қашады. Өмірдің өзі Қараңғы мен Жарықтың таласы, десек онда Ермектің "үкі көзді үміті" жарыққа ұмсына берсін!

"Жын заман заңы солай-ау, кім қалай қашпақ?"

Сайтани ғақыл емгенім сананы лаптап.

Алты қат аспан көгіне кеткім келеді,

Жер бетіндегі пенденің тамұғын тастап-

Жалықтыым", - деп "Адал ойлының" "тауын шағар" ағайынға наз артып, жалықанымен, соңыра:

"Ақ жолын нұрлы Алланың көрсетші маған,

Барайын ертіп адасқан талай жандарды,

Жұпарын шашқан жұмақтың бағына бастап" деп, "Тылсыммен мұңдасады" өйткені ақын жаны

"тым жұпыны тіршіліктен түк таппайды". Басқа әлемді аңсайды": онда "бәрі бақытты", "сайтан-сенім орнамаған", "жабайы жанталасы жоқ", "қамсыз қалғыған"әлем, "уақытты да санамай",

"кетер ме еді "жын дүниеге қолды бір сілтеп, қарамай"? Сол әлемнің тазалығын дәріптей отырып, фәнидегі оқырманына ой тастайды. "Тозағында шығарылған күнәһардың ащы үні құлағымды жарады" дей келе, "Пейіштің бе, Самал желі төсімді кеп өбеді. Мұрыныма миуа бақтың саф ауасы келеді", - деп қарама-қарсылықтар арқылы Шындықты іздейді! Мына дүниенің опасыздығынан ба екен, жұмақты аңсайды.

Ақындарды әдебиетшілер қауымы: жазба ақын және айтыс ақыны деп екіге бөліп жүр. Жазба ақындардың ішінде кейбіреуі мүшәйраға жиі қатысып сол арқылы тәлім тәжірибе жинап, көпке танылып жатады. Ермек те сондай мүшәйрашыл ақындардың бірі. Ақындық жолы кіл конкурстармен мүшәйралардан тұрады. Жарық көрген тұңғыш жыр жинағында осы бағытта жазылған дүниелері де еніпті./ Алматы, 2020, "Азия Арна" баспасы, "Көкжиегіміздің көктемі" (өлеңдер) / "Қасиетті қасиетті ақ мекен" деген тақырыппен эпикалық жыр-толғаулары бір бөлімге топтастырылған. "Сырына сүңгіп рухын таныдым, Тасқа қашалған тарих хатының" деп жазғанындай бұл бөлімдегі тарихи тұлғалардың зерттеліп зерделенгені, содан соң ақынның өзегін жарып өлеңге айналғаны көрініп тұр. Жырларында жыраулық сарын бар, бірақ ұйқасы бүгінгінің өлеңіндей жорға жылқының төрт тұяғындай тең түсіп, тайпала жөнеледі екен. "Ақын ол" деген өлеңінде:

Ақын ол
Жақсылық аңсаған жалғаннан,
Тоятын тілеген таңдардан.

Қамшының сабындай ғұмырдың,

Артында ақ қардай ар қалған", - дейді./ Бұл да сонда 50 бет/ Тағы бірде:

Қоғамның жарасын сыздаған,
Жұртының жүрегін мұздаған, Жылытам деуменен күн кешкен - ізгі адам/ Бұл да сонда 51 бет/,- дейді. Ол кім, ол-Ақын!

"Таулардан құлаған өзеннің гүрілі,

Құстардың шырылы.

Өлең боп өрілген жүректің дірілі,-дей келе,

"Қош қош деп өмірге бес күндік, Ақын боп аттанған,
Мекенге мәңгілік", -деп Ақын бейнесін сомдайды.

"Елтұтқа" деген толғауында:

"Бауырында төрт немере Төлек атай,

Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай.

"Төленің Қытайы "еді деген сөзден,

Қысқарып шыққан дейді Төлгітай", - Төлгітай сөзінің қалай шыққанын лингвистикалық түрде дәлелдеп кетеді. Бұл да бір ізденістің белгісі.

"Ақын деген мамандық жоқ" болғандықтан күш-қайраты білімі толысқан жас жігіт мемлекеттік қызмет саласына ауысып білікті маман дәрежесіне жетті. Шығыс Қазақстан облыстық басқарма департаменттерде абыройлы қызметтер атқарды. Өскен өңіріне оралды. Аягөз қалалық сәулет және құрлық бөлімінде маман, Аягөз аудандық ішкі саясат бөлімінде маман, жетекші маман, бас маман, Аягөз ауданы әкімінің кеңесші көмекшісі, лауазымдарын да атқарды. Бірақ, қаламы қолынан түскен жоқ. Қызметін атқара жүріп, түндерде жыр жазды. Халықаралық "Шабыт" фестиваліне үш дүркін қатысып лауреат болды. Фариза апасының көзіне түсіп, Астана қаласына шақырту алғанымен, жолы болмай-ақ қой-

ды. Елорда төріне басқа да аға-апайлары бірнеше мәрте арнайы шақырту жіберді. Шығыс Қазақстан Облыстық "Қазақ тілі" қоғамы шығаратын "Тіл мен діл" атты газеттің редактор орынбасары болды. Республикалық деңгейдегі «Ақ Ертіс-Иртыш» журналында жауапты хатшы лауазымын атқарды. «Шығыс үні» газетінде журналист болып еңбек етті. Осы басылымдарда жүріп Серік Ғабдуллин, Серік Байхонов, Мүсілім Құмарбекұлы, Өлібек Қаңтарбаев сынды азулы ақын-жазушылармен етене таныс жағдайда еңбек етті. Өскемен орысы көп елді мекен. Біліктің бір пұшағынан ұстап айрылмайтын, іштей болса да жергілікті халық өкілдеріне мұрнын шүйіре қарайтын орыс халқының өкілдеріне құлаққағыс ретінде қазақ тілінің мәртебесі, ұлттық рух, руханият туралы өзекті мақалалары жарық көре бастады. Шығыс Қазақстан облыстық білім қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының "Педагогика Жаршысы" журналы редакциясында да методист-журналист, «Педагогика әлемі» газетінде редактор орынбасары болды. Шығыс Қазақстан облыстық Мәдениет басқарасына қарасты ақындар мектебінің директоры, басқарманың «Мәдениет Жаршысы» журналы мен «Мәдениет әлемі» газетін шығарды. Қазақ әдебиетінің классигі Қалихан Ысқақов ағасының да алдын көріп, шүйір-келесті. Жазушы Дидахмет Әшімхановпен өте жақсы сыйласты. Өскемендегі сол кездегі театрдың режиссеры Рүстем Есдәулетпен дос болды. Қазақтың өнерінде маңдайы жарқыраған тұлға болайын-ақ деп тұрған жігіт еді, әттең ғұмыры қысқа болды.

Дос деген сөз бен достық деген Ермек үшін киелі ұғым. Тағдыр қосқан әр досын іздеп, қонырау соғып, халін біліп тұрады. Қуанышын, қайғысын бөліседі. Ринаид Зайытов, Ақберен Елгезек, Дәулеткерей Көпұлы, бұлар жас та болса, ел тарихына аттары жазылып қойылған тұлғалар. Сәті түскенде бас қосып, шүйір-келесіп өзін-қалжыңдары жараса қалады.

Біраз уақытын жерлесіміз ақын-жазушы Ғабиден Құлахметтің мұраларын жинақтауға арнады. Ғабиденнің шаң басқан архивінде отырып ешқандай жарық көрмеген "Жұртым деп жортқан бір жалғыз" деген повестін тапты. Ғабиден туралы естеліктерді жинақтап "Ғабиде" деген тағы бір кітап шығарды.

«Аягөз жаңалықтары» газетінің Директор - Бас редакторы болып тағайындалды. Газетке келісімен "ескі көздерді" жинап өмірден өтіп кеткен газет қызметкерлерін еске алып, аруағына арнап ас беруді дәстүрге айналдырды. Б.Кірбетовтің, Рысхан Дүйсенғазиннің туыстарымен кездесулер өткізіліп аға ұрпақтың осы салаға еткен еңбектері аудан жұртшылығын паш етілді. Еліміздің түпкір-түпкірінде жүрген, жазушылық жолын осы Аягөз аудандық газетінен бастаған танымал қаламгерлер газетпен байланыс жасап тұрады. Шығармашылық еңбектерімен бөліседі. Балалар жазушысы Толымбек Әбдірайым, талатты журналист Халықаралық ЮНЕСКО сыйлығының лауреаты Жұмаш Кенебай ("Көкбөрі"), марқұм Коммунар Табей мен өнер танушы Жарқын Шәкерімов сынды өнер майталмандары газет редакциясының қадірменді қонақтары болды. Газет беттерінен тарихи-зерт-

теу мақалалары жиі жарық көреді. Жергілікті авторлардан Балтабек Оразбаев, Нәстілек Сәлмембетұлының жазған дүниелері жарияланды. Дзот амбразурасын кеудесімен жауып тірі қалған жерлесіміз Сабалақ Оразалинов туралы, "халық жауы" болып нахақ кеткен зиялылығымыз Хакім Дүйсенов, Жұмахан Күдеріндер туралы да танымдық мақалалар осы газет бетінде жарық көрді.

Сын түзелмей, мін түзеле ме?. Өткен жылдың соңғы айларының бірінде "Ауданымыздағы атаулы даталар аталып өтті ме?" деген тақырыппен бір топ зиялылардың суреттері жарияланды. Ақтамберді жыраудың, Ақтайлақ бидің, Хәкім Дүйсеновтің, Мұхтар Мағауиннің, Несіпбек Айтөвтің, Сабалақ Оразалиннің, Қажығұмар Шабданұлының, Мыңбай Рәштің, Әйкен Терлікбаевтың мерейлі даталары аталып өтпеді. Бұл тұлғалардың әрқайсысы еліне еңбек еткен, қазақ рухын жаңғырта алатын тұлғалар еді. Аталмай қалған даталардың ішінде Аягөз қаламгерлерінің қарашаңырағы "Аягөз жаңалықтары" газетінің 95 жылдығы да бар. Ұлтымызға ұран болған зиялылығымыз аудан басшылығының салғырттығының, идеология саласының әлсіздігінен атаусыз қалды.

Іле-шала келесі номерде, "Бұл көше... Ақанаев па, Қ.Ақынаев па?" және "Ғажап па, мазақ па?" деген қос мақала жарық көрді. Қаламызда Ақанаев деген көше бар екенін, ол кісінің майданда ерлікпен қаза тапқан жауынгер екенін білсек те, шынтуайтында ол кісінің аты-жөні Қымбат Ақынаев екенін білмеппіз. Тәуелсіздігіміздің 34 жылын атап өтсек те, орталық көшеде отыз жылдық арналған бильборд әлі ілініп тұр екен. Осылай Ермек - редактор қолайы келген сәтте сын садағын тартып тұрады. Ақтамберді жыраудың мерейтойы биыл атап өтілетін болыпты, соған да шүкір деген жайымыз бар.

Редакцияның қым-қуыт жұмыстарымен қоса, аудан маслихатының депутаты ретінде қоғамдық жұмыстарға ат салысып, кезі келгенде маслихат талқысына депутаттық сауалдар ұсынып тұрады. Ермектің бір туған күнінде осындай жыр жолдарын арнапмын:

"Отызында бауырым орда бұзды,

Қыбын таптың Өлең атты арда қыздың.

Бір ауылдан шыққан қос ақын едік,

Анда-санда еске алып, қолда бізді.

Келіп қапсың отыздың сегізіне,

Жыр арқауы - мен болсам, лебізім ең.

"Биесимаста" тігілген жыр отаудың,

Туырлығы - мен болсам, сен - үзігі ең.

Байыптымыз бір ұяға сиятын-дай,

Ақын - елдің ары мен ұятын-дай.

"Еспе" менен "Борлыдай" қос арнамыз,

"Аягөзе" ағып кеп құятын-дай.

Бұл қағидам... Көкейге түйіп келгем,

Айналарсың бір күні сүйікті Ерге.

Гете ақын да министр болған екен,

Енді сені көрейік, биіктерден!

"Болар елдің баласы бірін-бірі бақтыр дер" деп атам қазақ айтқандай, газеттің мерейлі датасына орай, редактор ініме жылы лебізімді білдіремін. Мерейлі меже, газетіміздің 30 жылдығы құтты болсын, Аягөз жұртшылығы!,- сіздерге деген ізгі ниетпен:

**Алдаберген Рахметоллаұлы,
Қазақстан журналистер одағының мүшесі**

ҚЫЗЫЛША - ҚАУІПТІ АУРУ!

Қызылша – өте жұқпалы антропонозды жіті респираторлық вирустық инфекция.

Ауру ауа - тамшы жолмен таралады, вирус сыртқы ортаға көп жағдайда науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде және сөйлегенде бөлінетін сілемей арқылы таралады.

Аурудың негізгі белгілері - дене қызуының 38-40°С дейін жоғарлауы, құрғақ жөтел, мұрын бітуі, түшкіру, бастың ауырсынуы, қабақтың ісінуі және конъюнктиваның қызаруы, жұтқыншақтың ісінуі, дененде бөртпелердің пайда болуы (бөртпелер кезектесіп шығады және бірігіп кетуге биім болады).

Көбіне қызылша ауруынан көз жұмудың себебі аурудың асқынуымен байланысты болады. Ең қауіпті асқынуларға көздің көрмей қалуы, энцефалит (мидың ісінуіне әкелетін инфекция), пневмония сияқты тыныс алу жолдарының инфекцияларын туындатуы мүмкін.

Қызылша инфекциясының алдын алуға бағытталған күрестің жалғыз және тиімді шарасы – бұл вакцинопрофилактика. Ауданда балаларды қызылшаға қарсы вакцинациялау қызылша, қызамық және эпидемиялық паротитке қарсы біріктірілген вакцина егу арқылы жүргізіледі. Вакцина Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымымен сертифицирталған. Вакцина тиімді және қауіпсіз. Вакцинация Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес 12-15 айлық жаста, әрі қарай ревакцинациялау 6 жаста жүргізіледі. Вакцинация ақысыз түрде, жергілікті мекенжай бойынша емдеу алдын алу мекемесінде жүргізіледі.

Аягөз аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Дәулет Ғазизұлы Жұмақанов

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРЕДСТАВИТЕЛЯ УПОЛНОМОЧЕННОГО ПО ПРАВАМ ЧЕЛОВЕКА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ПО ОБЛАСТИ АБАЙ

Защита прав человека – это ключевая обязанность современного государства, отражающая его приверженность демократическим ценностям и принципам верховенства закона.

Республика Казахстан, будучи участником более 70 международных соглашений в области прав человека, системно внедряет международные стандарты в национальное законодательство, что свидетельствует о последовательном стремлении страны к укреплению гарантий прав и свобод граждан.

Казахстан активно взаимодействует с Управлением Верховного комиссара ООН по правам человека, участвует в Универсальном периодическом обзоре. В рамках сотрудничества с ОБСЕ проводятся инициативы, направленные на защиту свободы слова, прав национальных меньшинств и гендерного равенства. Хотя Казахстан не является членом Совета Европы, страна активно сотрудничает в рамках программ по защите прав человека, например, через участие в мероприятиях Венецианской комиссии. Активное взаимодействие осуществляется также в рамках Комиссии СНГ по правам человека.

Республика признала компетенцию шести Комитетов ООН принимать и рассматривать индивидуальные сообщения граждан – Комитет по правам человека, Комитет против пыток,

Комитет по ликвидации дискриминации в отношении женщин, Комитет по ликвидации расовой дискриминации, Комитет по правам инвалидов и Комитет по правам ребенка.

Наша страна – один из признанных региональных лидеров в реализации масштабных демократических и политических реформ, а также инициатив в области защиты прав человека. Эти реформы являются частью огромной политической трансформации по построению «Справедливого Казахстана», которые внесли значительный вклад в обеспечение и защиту прав человека.

Подписание нашей страной Факультативного протокола о правах детей и ратификация Факультативного протокола о правах инвалидов стали важными шагами по имплементации международных стандартов в области прав человека.

Глава государства постоянно уделяет внимание необходимости установления справедливости и порядка в обществе, в котором эффективное правосудие и защита прав граждан занимают особое место.

В рамках проведения системной работы в данном направлении приняты и реализованы План первоочередных мер в области прав человека и План дальнейших мер в области прав человека и верховенства закона.

Так, представитель Уполномочен-

ного по правам человека в Республике Казахстан по области Абай (далее – представитель УПЧ) продолжает свою активную деятельность, направленную на обеспечение соблюдения прав человека и восстановление нарушенных прав. Главной задачей представителя УПЧ остается предоставление гражданам эффективного механизма защиты их прав. Основное внимание было сосредоточено на рассмотрении обращений граждан, улучшении законодательства, просвещении населения и укреплении международного сотрудничества.

Особое внимание в своей деятельности представитель УПЧ уделяет рассмотрению поступающих обращений.

В рамках правового просвещения проводятся различные мероприятия в том числе Единые уроки о правах детей и правах молодежи в средних общеобразовательных школах и колледжах города Семей.

Преимственность и системность, заложенные в основу работы института Уполномоченного по правам человека, подтверждают приверженность Казахстана курсу на защиту и продвижение прав человека. Введение новых инициатив и тесное взаимодействие с гражданским обществом позволят достигнуть еще более высоких стандартов защиты прав человека.

Представитель УПЧ по области Абай Д.Жумагельдин

АЯГӨЗ ГАРНИЗОНЫНДА ӘСКЕРЛЕРДЕГІ ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ағымдағы жылдың 29 қаңтарында Аягөз гарнизонының әскери прокуроры Данияр Естеуовтың төрағалығымен 2025 жылдың қорытындысы бойынша ведомстворалық кеңес өткізілді.

Кеңеске әскери басқару органдарымен әскери құқық қорғау органдарының басшылары, сонымен қатар әскери прокуратураның жеке құрамы қатысты.

Әскери прокурор өткен жылдың қорытындысы бойынша гарнизондағы қылмыстың - 11% азайуы, оның ішінде ауыр қылмыстардың - 40% төмендеуіне назар аударды.

Сонымен қатар, кеңесте әскери қызметшілер мен қызметкерлердің қазаға ұшырауы мен жарақат алуын, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау, әскери қызмет-

шілерді әлеуметтік қамтамасыз ету кезіндегі заңдылықты сақтау, әскерге шақыру науқандары, Мемлекеттік шекара туралы заңнаманы сақтау, сондай-ақ қару-жарақтың, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттардың сақталуын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Бұдан бөлек, әскер арасындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жою шараларын қабылдау бойынша жұмысты күшейтуді, сондай-ақ халықаралық оң тәжірибені пайдалана отырып, құқық бұзушылықтың алдын алудың жаңа әдістері мен тәсілдерін әзірлеуді ұсынды.

Ведомстворалық кеңестің қорытындысы бойынша тиісті шешім қабылданып, іс-шараға қатысушыларға алдағы жылға арналған міндеттер жүктелді.

Аягөз гарнизонының әскери прокуратурасы



АУДАНДЫҚ КЕЗЕН

2026 жылдың 6 ақпан күні Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай, аудандық оқу, ғылыми және ұйымдастырушылық-әдістемелік кабинетінің жылдық жоспарына сәйкес «Мектеп жанындағы интернаты бар жалпы орта білім беретін №6 мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің базасында Республикалық Мұқағали оқуларының аудандық кезеңі өткізілді.

Мақсаты:

-жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын насихаттау;

-мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тума талант, табиғи дарындарын анықтау;

-оқушылардың поэзияға деген құштарлықтарын арттыру.

Мұқағали оқулары 4 кезеңде өткізілді:

1. «Айтып өткен ақында арман бар ма?»
2. «Жыр эстафетасы»
3. «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...»
4. «Дариға, домбырамды берші маған»

Руханият мерекесіне айналған бұл тағылымды шарада ақын поэзиясына деген жас ұрпақтың сүйіспеншілігі мен құрметі айқын көрініс тапты. Оқушылар Мұқағали жырларын мәнерлеп оқып, ақынның сырлы әлеміне бойлап, өлең арқылы ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтарды таныта білді. Поэзия мен парасат тоғысқан байқау жас таланттардың шығармашылық қабілетін шырдап қана қоймай, Мұқағали мұра-



сын ұлықтауға, мәңгілік жырдың қадірін терең сезінуге жол ашты. Іс-шара жоғары деңгейде өтті. Қатысушылардың белсенділігі мен өнерге деген ықыласы ерекше байқалды.

Сайыс қорытындысы бойынша облысқа жолдама алған оқушылар:

«Айтып өткен ақында арман бар ма?» бағыты бойынша

«Бас жүлде» 9-сынып оқушысы Жұманова Нұрай «Тарбағатай ЖОББМ» КММ Жетекшісі: М.Е.Амирханова

«Жыр эстафетасы» бағыты бойынша.

«Бас жүлде» 10-сынып оқушысы Мусаева Іңкәр «Д.Бабатайұлы атындағы ЖОББМ» КММ Жетекшісі: А.О.Солтаева

«Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...» бағыты бойынша

I орын 10-сынып оқушысы Хамит Шұғыла «Д.Бабатайұлы атындағы ЖОББМ» КММ Жетекшісі: А.О.Солтаева.

«Дариға, домбырамды берші маған» бағыты бойынша

I орын 8-сынып оқушысы Серікбекова Айғаным «№3 ЖОББМ» КММ Жетекшісі: М.К.Садуақасов

Жеңімпаздар облыстық кезеңге жолдама алды.

«МЕН ӨМІРДІ ЖЫРЛАУ ҮШІН КЕЛГЕНМІН...» АТТЫ БАЙҚАУ

Ақпан айының 9 күні "Аягөз ауданы білім бөлімі" ММ оқу, ғылыми ұйымдастырушылық әдістемелік кабинетінің жылдық жоспарына сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасында "К.Бозтаев атындағы қазақ мектеп - гимназиясы" КММ-де қазақтың ақиық ақыны, қазақ поэзиясының ала-таудай алыбы, ғасыр ақыны Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына орай «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін...» атты жалпы орта білім беретін мектептердің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасында аудандық Мұқағали оқулары өткізілді.

Байқаудың мақсаты:

Қазақтың ақиық ақыны, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаев пен халықтың жүрегінен орын алған поэзия падишасының өлеңдерін насихаттау. Сайыс басталмас бұрын аудандық білім бөлімінің әдіскері Жақсыбаева Бибігүл Мырзабековна мен ардагер ұстаз, "Құрмет" орденінің

иегері Гүлсімхан Төстікбайқызы құттықтау сөз сөйлеп, сайысқа қатысып отырған жас ұстаздарға сәттілік тіледі. Сайыстың ашылу сәтінде мектеп оқушыларының қатысуымен ақынның өмірі мен шығармашылығынан көрініс беретін сахналандырылған қойылым қойылды.

Байқау барысында сайысқа қатысушылар IV бөлім бойынша бақ сынады.

Сайыстың қорытындысы бойынша:

I орын—Құнанбаева Жанбота "Қалалық көпбейінді қазақ мектеп-гимназиясы" КММ;

II орын—Касеибаева Айдана «Мектеп жанындағы интернаты бар Ақши ЖОББМ» КММ;

III орын—Көлбай Данагүл «№3 жалпы орта білім беретін аралас мектебі» КММ;

IV орын—Қыдырханова Диана «Е.Рахматиев атындағы ЖОББМ» КММ;

V орын—Оразаева Нургул «№10 қазақ мектеп-гимназиясы» КММ.

«Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев, өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім» деген ақын сөзі бүгінгі кештің ұранына айналды. Жыр сүйер қауымды тебіренктен бұл байқау Мұқағали мұрасының мәңгілік екенін тағы бір дәлелдеді.



ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ ПРАВИЛА ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ЖИЛЫХ ДОМАХ

Өрт – тұрғын үйлерде жиі кездесетін төтенше жағдайлардың бірі. Оның негізгі себептері – электр желілерінің ақауы, газ жабдықтарын дұрыс пайдаланбау, ашық отты қараусыз қалдыру және тұрмыстық қауіпсіздік талаптарын сақтамау. Әсіресе қыс мезгілінде пеш пен электр жылытқыштарды дұрыс пайдаланбау өрт қаупін арттырады. Сондықтан әрбір отбасы өрт қауіпсіздігі ережелерін біліп, қатаң сақтауы тиіс.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Балаларды қараусыз қалдырмаңыз. Балаларға: Сіріңкемен ойнаудың қауіпті екенін түсіндіріңіз. Газ және электр құрылғыларына жақындамауды үйретіңіз.

Үйден шығарда электр құралдарын тоқтан ажырату.

Пешпен жылыту кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау

Тұрғын үйлердегі өрт қауіпсіздігі – әр отбасының ортақ жауапкершілігі. Қарапайым сақтық шараларын сақтау арқылы

көптеген қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады. Өрттің алдын алу – оны сөндіргеннен әлдеқайда жеңіл әрі қауіпсіз.

Өрт болған жағдайда не істеу керек?

Дереу 101 немесе 112 нөміріне қоңырау шалу.



Пожар — одна из самых распространенных чрезвычайных ситуаций в жилых домах. Его основными причинами являются сбой в электросети, неправильное использование газового оборудования, оставление открытого огня без присмотра и несоблюдение правил безопасности в быту. Неправильное использование плит и электрических обогревателей, особенно зимой, увеличивает риск пожара. Поэтому каждая семья должна знать и строго соблюдать правила пожарной безопасности.

ПОМНИТЕ!

Не оставляйте детей без присмотра. Объясните детям опасность игры со

спичками. Научите их не приближаться к газовым и электрическим приборам.

Отключайте электроприборы от сети, покидая дом.

Соблюдайте правила безопасности при отоплении плитой.

Пожарная безопасность в жилых домах — общая ответственность каждой семьи. Принимая простые меры предосторожности, вы можете предотвратить множество трагических ситуаций. Предотвратить пожар гораздо проще и безопаснее, чем потушить его.

Что делать в случае пожара?

Немедленно позвоните по номеру 101 или 112.

Аяғөз ауданы ТЖ бөлімі
М.Ғабдуллин атындағы
Азаматтық қорғау
академиясының 4-курс
курсанты Н.М Ракулин

КӨМІРТЕГІ ТОТЫҒЫМЕН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қазіргі уақытта ауылдық жерлерде және ішінара қалаларда үй-жайларды жылыту үшін жеке үйлерде, жеке демалыс үйлерінде, моншаларда пештерді пайдалану сақталады. Дәстүрлі ағаш пештері негізгі жылу көзі болып қала береді, көптеген иелері оларды заманауи жылыту құрылғыларына ауыстыруды жоспарламайды. Олар көмірмен, отынмен, брикеттермен батырылады. Жылыту көмегімен материалдардың жану кезінде теріс көзқарасқа әкеліп соғуы мүмкін тұншықтырғыш газбен уланған.

Көміртегі тотығы-иісі мен дәмі жоқ улы зат. Оның ингаляциясы қауіпті және өлімге әкелуі мүмкін.

Көміртегі тотығымен уланудың белгілері мен белгілері экспозиция басталғаннан бері әрдайым анық бола бермейді, сондықтан көміртегі тотығы (СО) кейде "үнсіз өлтіруші" деп аталады. Жыл сайын бүкіл әлемде көміртегі тотығымен улану белгілері бар мыңдаған адамдар емдеу мекемелеріне жеткізіледі, ал әр адамды құтқаруға болмайды.

Пешке таза ауаның жеткіліксіз қол жетімділігі үйдегі көміртегі тотығының жиналуына ықпал етуі мүмкін. Үйлердің тығыз құрылымдары улану қаупін арттырады, өйткені олар еркін желдетуді қамтамасыз етпейді. Сонымен қатар, температураның ауытқуы, қатты ауыспалы жел мен қардың түсуі мұржалардың бұзылуына және мұздың қатып қалуына

әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде тартылудың ішінара немесе толық тоқтауына әкелуі мүмкін. Газдың жану өнімдері жойылмайды, бірақ бөлмеге еніп, қатты улануды тудырады.

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ.

Көбінесе газ құрылғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтамау қайғылы жағдайға әкеледі. Өдетте, бұл жылыту маусымына абайсызда дайындалған жерде болады: олар мұржаны тазаламады, нәтижесінде бітелу немесе үйінді пайда болды. Уланудың себептерінің бірі-бөлмедегі желдетудің болмауы немесе дұрыс жұмыс істемеуі.

Ванналардағы ағаш пештерден улану мүмкін. Газ және ағаш отынымен жұмыс істейтін пештерді пайдалану кезінде мұржаларды үнемі қадағалап отыру, оларды күйеден (көміртектен) тазарту, сондай-ақ желдету жүйесінің жұмысын бақылау қажет, ал ақаулар туындаған жағдайда дереу тиісті мамандарға хабарласу қажет.

Түтін мұржалары мен желдетудің жай-күйіне пәтер иесі де, пайдаланушы ұйым да бірдей жауап береді.

Аяғөз ауданы ТЖ бөлімі
М.Ғабдуллин атындағы
Азаматтық қорғау
академиясының 4-курс
сержанты Д.Б. Бакенбаев

ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕ СУАЙДЫНДАРДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Суық ауа райының басталуымен, су айдындары қата бастағанда, жазатайым оқиғалардың саны күрт артады. Егер қысқы кезеңде су айдындарында қауіпсіздік ережелерін сақтаса, жазатайым оқиғалардан құтылуға болады:

- ешқандай жағдайда мұзға тәуліктің қараңғы уақытында және нашар көрінгенде (тұман, қар жауған, жаңбыр) шығуға болмайды.

- мұзға жалғыз шықпаңыз. 2-3 адамнан тұратын компания барған дұрыс.

- мұз қармен жабылған жерлерден сақ болу керек: қар астында мұз әлдеқайда баяу өседі. Егер мұзда қара дақ пайда болса, онда бұл жерде мұз жұқа болады.

- ағаштар, бұталар, қамыстар өсетін, ағындар өзендерге ағатын

жерлерге, өнеркәсіптік кәсіпорындардан жылы су төгілетін жерлерге жақындамаңыз.

Мұнда мұз астына түсу ықтималдығы жоғары.

- мұздан өту қажеттілігі туындаған кезде оның беріктігін ұзын таяқпен тұрту арқылы тексеру керек, бірақ ешқандай жағдайда аяғымен емес. Егер соққы кезінде су пайда бола бастаса, бұл мұздың нәзік екенін білдіреді және сіз дереу артқа оралуыңыз керек, ал алғашқы қадамдарды сырғыту арқылы (табанды мұздан шығармай) абайлап артқа шегініңіз.

- мұз үстімен өтетін адамдар тобы бір-бірінен кемінде бес метр қашықтықта жүруі қажет.

- шағын жүктерді тасымалдау кезінде оларды құлап кетпес үшін

шанаға немесе мұзға тіреудің үлкен ауданы бар білеулерге салу керек.

- егер мұз жарыла бастаса, абайлап жатып, ізіңізді артқа қарай сырғытыңыз.

Адамның мұзда қауіпсіз болуының негізгі шарты мұз қалыңдығының қоса берілген жүктемеге сәйкестігі болып табылады:

- бір адам үшін мұздың қауіпсіз қалыңдығы 10 см кем емес;

- жаяу өткелді жасау үшін мұздың қауіпсіз қалыңдығы 15 см және одан астам;

- автомобильдердің өтуі үшін мұздың қауіпсіз қалыңдығы кемінде 30 см.

Ескертеміз!!!

ПРАВИЛА БЕЗОПАСНОСТИ НА ВОДОЁМАХ В ЗИМНИЙ ПЕРИОД

С наступлением холодов, когда водоёмы начинают покрываться льдом, резко возрастает количество несчастных случаев. Соблюдение правил безопасности в зимний период поможет избежать трагедий.

Ни в коем случае не выходите на лёд в тёмное время суток и при плохой видимости (туман, снегопад, дождь).

Не выходите на лёд в одиночку. Лучше передвигаться группой из 2–3 человек.

Остерегайтесь мест, покрытых снегом: под снегом лёд нарастает значительно медленнее. Если на поверхности льда появляются тёмные пятна — это признак тонкого льда.

Не приближайтесь к местам, где растут деревья, кустарники, камыши, где в реки впадают ручьи и стоки, а также к участкам сброса тёплых вод промышлен-

ными предприятиями.

В этих местах вероятность провала под лёд особенно высока.

При необходимости перехода по льду проверяйте его прочность длинной палкой, но ни в коем случае не ударом ноги. Если при ударе появляется вода, это означает, что лёд непрочный — необходимо немедленно отступить назад. Возвращаться следует осторожно, скользкими шагами, не отрывая подошвы от поверхности льда.

При движении группы по льду расстояние между людьми должно быть не менее 5 метров.

При перевозке небольших грузов размещайте их на санках или на предметах с большой площадью опоры, чтобы равномерно распределить нагрузку.

Если лёд начал трескаться, осторожно лягте на лёд и медленно

отползайте назад по своим следам.

Основным условием безопасного пребывания человека на льду является соответствие толщины льда предполагаемой нагрузке:

для одного человека — не менее 10 см;

для организации пешеходного перехода — не менее 15 см;

для проезда автомобилем — не менее 30 см.

Предупреждаем!

Пренебрежение правилами безопасности на льду может привести к тяжёлым последствиям. Берегите свою жизнь и здоровье.

Аяғөз ауданы ТЖ бөлімі
М.Ғабдуллин атындағы
Азаматтық қорғау
академиясының 4-курс
сержанты Д.Б. Бакенбаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫ: МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Қоғамдағы тыныштық пен қауіпсіздік – әрбір азамат үшін маңызды құндылық. Осы бағытта Қазақстан Республикасында қабылданған маңызды құқықтық құжаттардың бірі – «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заң. Бұл Заң қоғамда құқық бұзушылықтардың алдын алуға, азаматтардың заңға деген құрметін арттыруға бағытталған.

Аталған Заңның басты ерекшелігі – жазалау шараларына емес, алдын алу жұмыстарына басымдық беруінде. Яғни, құқық бұзушылық орын алғаннан кейін ғана әрекет ету емес, оның алдын

алу, себептері мен жағдайларын ерте анықтау көзделген. Бұл – қазіргі заман талабына сай, тиімді әрі гуманистік тәсіл. Құқық бұзушылықпен күрес – тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әсіресе жастар мен көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға ерекше көңіл бөлінген. Оларға түсіндіру жұмыстары жүргізу, құқықтық тәрбие беру, бос уақытын тиімді ұйымдастыру – болашақта заңға бағынатын, жауапты азамат қалыптастырудың негізі болып табылады.

Сонымен қатар, Заң азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған. Әрбір адам өз әрекетінің салдарын түсініп, заң талаптарын сақтауға ұмтылғанда ғана қоғамда тәртіп пен тұрақтылық орнайды.

Қорытындылай келе, «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заң – қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға, құқықтық сананы қалыптастыруға және еліміздің тұрақты дамуына қызмет ететін маңызды құжат. Оның тиімді жүзеге асуы – мемлекет пен қоғамның бірлескен жұмысының нәтижесі.



**Төлеубаева Бақытгүль
Мукановна 50 жас**

Құрметті Бақытгүль Мукановна!

Ардақты әріптесіміз!
Сізді бүгінгі мерейлі жасыңызбен шын жүректен, ізгі тілекпен құттықтаймыз.

Сізге бақытты ғұмыр, денсаулық, жақындарыңыздың махаббатын тілейміз!

Ақ тілекті ақтарамыз жүректен.

Қуанышта көңіл шіркін дір еткен.

Туылған күн құтты болсын деп бүйегі,

Өзіңізге үн қосамыз тілекпен!

Ізгі ниетпен «Стоматолог» ЖШС ұжымы

**Құрметті Назигүл Көшербайқызы!**

Сізді зейнеткерлік жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Жүйрік уақыт мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесіне жетті. Осындай кемел кезеңге тың жігермен, емен-жарқын көңілмен келдіңіз. Адам баласының өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі болса керек. Ал зейнет жасының орны мүлдем ерекше. Әрбір адамның өзіне тән өмір жолы, тыныс-тіршілігі болады. Десе де сіңірген еңбегі, көрген бейнеті мен татқан зейнеті, шыққан асу-белестері әр қилы. Өнегелі өмір жолында сыйластық пен достықтың үлгісін көрсетіп, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді дәріптеп жүрген сізге деген құрметіміз зор. Қызмет жолында қажыр-қайратыңыз арқылы абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар абзал жан ретінде өзіңізді таныта білдіңіз. Мерейлі мерекеңіз құтты болсын! Ғұмырыңыз ұзақ болсын деп тілек білдіреміз!

Құрметпен, "Сары-Арқа жалпы орта білім беретін мектебі" КММ ұжымы



ҚР ПРЕМЬЕР - МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ – ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДАҒЫ № 283 БҰЙРЫҒЫ

Мүгедектігі бар адамдарды санаторилік-курорттық емделумен қамтамасызетуге медициналық қарсы көрсетілімдер.

1. Жіті немесе асқыну сатысындағы барлық аурулар, асқыну сатысындағы және (немесе) жіті ірінді процестермен асқынған созылмалы, сондай-ақ стационарлық емделуді қажеттететін, оның ішінде хирургиялық араласуды талап ететін барлық аурулар.

2. Оқшаулау мерзімі аяқталғанға дейінгі инфекциялық аурулар.

3. Жіті және жұқпалы түрдегі барлық венерологиялық аурулар.

4. Қатерлі жаңа өскіндер.

5. Аурулар өздігінен жүріп-тұра алмайтын және өзіне-өзі қызмет көрсете алмайтын, ұдайы күтімді қажет ететін (көру ағзасының аурулары бар адамдарға арналған, омыртқа

жұлыны ауыратын науқастарға арналған мамандандырылған санаторийлерде емделуге тиіс адамдардан басқа) барлық аурулар.

6. Нашақорлықтың және созылмалы алкогольизмнің барлық түрі. Психикалық және мінез-құлық бұзылыстар (аурулар) (бұданөрі – ПМБ), ұзақ мерзімді дәрілік емес ремиссия кезінде, психикалық симптомдардың өршуінсіз, әлеуметтік қауіпті әрекеттерге бейім емес, жағдайы тұрақтанған, динамикалық психиатриялық бақылаудың 2В тобындағы ПМБ балаларды қоспағанда, ДКК немесе психикалық денсаулық сапасында медициналық көмек көрсететін ұйымның психиатр дәрігерінің қорытындысы бар.

7. Эпилепсия:
- ұстамалармен (фокальды, жалпыланған), оның ішінде жүргі-

зілетін емдеуге төзімді;

- ақыл – ой кемістігі, мінез - құлықпен әлеуметтік бейімделудің айқын бұзылулары бар тұлғаның патологиялық дамуы. Әртүрлі генездің эпилепсиялық синдромдары

8. Синкопалдық жай-күйі.

9. Кез келген жерде шоғырланған эхинококкоз.

10. Әр түрлі жағдайда жиі қайталанатын немесе көп қан кетулер.

11. Акушерлік паталогия бар болса барлық кезеңдегі жүктілік немесе 18 аптадан бастап қалыпты жүктілік (санаторийлік-курорттық емделуге жіберу сәтінде).

12. Туберкулездің белсенді кезеңіндегі барлық формалары (туберкулездік емес профилдегі курорттар мен санаторийлер үшін).

13. 3-дәрежелі дистрофия.

14. Жүрек ырғағының күрделі

бұзылыстары, жүрек жеткіліксіздігі, III дәрежелі және одан жоғары тынысалу функциясының жеткіліксіздігі.

15. Елеулі улану кезінде әртүрлі ірінді (өкпе) аурулар.

16. Декомпенсация сатысындағы аурулар, атап айтқанда, түзетілмейтін метаболикалық аурулар (қантдиабеті, микседема, тиреотоксикоз және басқалар), бауырдың, ұйқыбезінің III дәрежелі функциялық жеткіліксіздігі.

17. Терінің ірінді аурулары, терінің инфекцияның аурулары (қышыма, микоз аурулары және басқалар).

18. 2-3-дәрежелі анемия.
**Абай облысы, Семей қаласы
МӘС әдіснама және бақылау
бөлімінің бас маманы
К.К. Ахметоллина**

ҚҰРМЕТТІ АЯГӨЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!**МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ, МЕНШІК ТҮРІНЕ
ҚАРАМАСТАН БАРЛЫҚ НЫСАН ИЕЛЕРІ!**

Көктемгі су тасқынының, еріген қар мен жауын-шашын салдарынан тұрғын үйлерге, қора-жайларға, мекеме ғимараттары және сауда нысандарына келетін зиянның алдын алу мақсатында, Аягөз қаласының әрбір тұрғынын:

**ӨЗ АУЛАСЫН,
ТҰРҒЫН ҮЙ МАҢЫН,
ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАРЫН,
САУДА ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ АУМАҒЫН
ҚАРДАН УАҚЫТЫЛЫ ТАЗАЛАУҒА;**

сондай-ақ су ағатын арықтарды дер кезінде ашып, олардың бітелуіне жол бермеуге шақырамыз.

Жер бедеріне байланысты су жиналып ағатын арықтардың күл-қоқысқа, тұрмыстық қатты қалдықтарға және өзге де бөгде заттарға толып қалмауын қатаң бақылауда ұстау қажет.

Тұрғындарды қауіпсіздік шараларын сақтауға және ортақ тазалыққа жауапкершілікпен қарауға шақырамыз.

Орындалмаған жағдайда қолданыстағы заңнамаға сәйкес шара қолданылатындығын ескертеміз.

Аягөз қаласы әкімінің аппараты

ЖАРНАМА
Аягөз қаласында 4 бөлмелі 2012 жылы салынған жер үй сатылады. Үйдің ауласы кең 10 соток. Жазғы кухня, қора-жайы, СТО-ға салынған гараж бар. Жұмыс жасап тұрған азық-түлік дүкені, Көлік жуу орны(самомойка) бар. Бағасы келісімді. Адрес: Сейфуллина 88
Тел: 87755162402; 87750673367

Аягөз қаласында 3 бөлмелі үй сатылады. Су кірген, 10 сотық жер, монша, сарай, погреб бар. 8 775 746 41 20; 8 702 671 47 98.

Аягөз қаласы орталығында үлкен панельный үй сатылады. Ақылды пеш, ыстық, суық су, туалет үй ішінде бар. Үй жанында тағы бір үй салатын үлкен жер, сарай бар. Бизнес нысанын салуға өте қолайлы 8 701 852 88 08

**40 КҮНДІК
АСҚА ШАҚЫРУ**

Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, дос-жарандар мен көз көрген барша жамағат! Сіздерді ардақты жар, асқар тау әке, үлгілі ата **Бесетаев Оразхан Сейтқазыұлының рухына бағышталған 40 күндік асқа шақырамыз!**

Өзіңіз ең әке, үйдің қорғаны,
Отбасының айнымайтын зор бағы.
Сіз кеткелі ортамыздан қапыда,

Жанды қайғы көңілді мұң торлады.
Жан әкешім мейірімге бай едің,
Жарық берер түнімізде ай едің.
Алға қарай жетелейтін баласын,
Үлгі болар Әкелерге сай едің...

Абыройың асқақ еді, беделің,
Көп еді ғой біздерге әке, берерің.
Сүрінгенге сүйеу болып әкетай,
Құлағанның қолтығынан демедің.
Еске аламыз әке сізді сағынып,
Бұл берілген тағдырға біз бағынып.
Мейірімді, жаны жайсаң әке боп,
Жадымызда қаласың сен жаңғырып.

Өшпейді әке сенің жаққан шырағың,
Тоқтамайды сусындаған бұлағың.
Немерелер жалғайды әке күніңді,
Сізге арнап таусылмайтын жыр, әнін.

Жарық болсын әке жатқан жеріңіз,
Жұмақ болып паналайтын төріңіз.
Дұға етеміз еске алып біз сізді,
Жүректесіз мәңгілікке, сеніңіз!

Ас 5 наурыз 2026

жыл. 17:31 де

(ауызашар) уақытында беріледі. Мекенжайы:

Аягөз қаласы

Сымбат мейрамханасы

Ас берушілер:

Жұбайы, балалары.

**“Аягөз жаңалықтары”
аудандық газеті”
ЖШС**

**Директор -
Бас редактор
Е.Дайырбаев**

Газеттегі
авторлық пікірлер
редакциянікімен
сәйкес келмеуі
мүмкін

Мекен-жайымыз: Аягөз қаласы,
Х.Дүйсенов, 104.



Телефондар:

Жауапты хатшы:
3-22-01

e-mail:
ayagoz.zhanalyktary@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі.
Ақпарат комитеті 2021 жылы 4 ақпанда берген тіркеу куәлігі № KZ44VPY00032023
Газет алтасына 1 рет шығарды А3 форматына (420x297 мм) теңестірілген 3 баспа табақ

Газет “Дом Печати” ЖШС баспаханасында басылды. 070002. Павлодар қ., Астана көшесі 143

Таралымы 2 250 дана.
Тапсырыс № 226